

**Жангелдин ауданының әкімдігінің 2008 жылғы 30 шілдедегі № 161 "Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысына өзгерту енгізу туралы**

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 39 қаулысы. Қостанай облысы Жангелдин ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 3 наурызда № 9-9-99 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабына сәйкес, Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жангелдин ауданының әкімдігінің 2008 жылғы 30 шілдедегі № 161 "Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы" (нормативтік құқықтық келісімдерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде 2008 жылы 14 тамызда № 9-9-87 тіркелген аудандық "Біздің Торғай" газетінің 2008 жылы 29 тамыздағы № 35 (7925) санында жарияланған) қаулысына төмендегідей өзгерту енгізілсін:

1-тармақтың "алты есептік көрсеткіш" деген сөздер "сегіз есептік көрсеткіш" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т. А у б а к и р о в к е жү к т е л с і н ;

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*уақытша міндетін атқарушы* *А у д а н ә к і м і н і н*  
*Т. Аубакиров*